



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р.Т. Емелбаев

2023 ж.

**«Мәдени-демалыс қызметін ұйымдастыру» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Тест мазмұны:** «02150900 - Әлеуметтік-мәдени қызмет (түрлері бойынша)» мамандығы 4S02150901 Театр ұжымын ұйымдастырушы, оқытушы, 4S02150902 Мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастырушы, оқытушы біліктіліктеріне арналған «Мәдени-демалыс қызметін ұйымдастыру» пәні бойынша педагогтерді аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Мәдени демалыс қызметін ұйымдастырудың теориялық негіздері	01	Мәдени демалыс қызметін ұйымдастыру адамның өмір сүру формасы ретінде. Мәдени демалыс аксиологиясы. Мәдени демалыс социологиясы
02	Әлеуметтік-мәдени іс-шаралар технологиясы	02	Әлеуметтік-мәдени қызметі, түрлері, әдістер мен құралдардың жалпы сипаттамасы. Шоу-көріністер сервистік қызмет ретінде. Байқаулар. Мәдени демалыс қызметін ұйымдастырудың заманауи түрлері. Презентация
03	Әлеуметтік-мәдени мекемелердің өскелең ұрпақпен жұмысы	03	Балалар мен оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша әлеуметтік-мәдени мекемелердің принциптері мен міндеттері. Балаларға арналған мерекелер аниматорының шеберлігі
04	Халықтық көркем өнер шығармашылығы	04	Көркемөнерпаздық халықтық шығармашылықтың нысаны ретінде. Көркемөнерпаздар шығармашылығын ұйымдастыру түрлері
05	Әлеуметтік-мәдени мекемелерді басқару және жетекшілік ету	05	Мәдени-әлеуметтік саладағы менеджмент және маркетинг негіздері. Әлеуметтік-мәдени мекемелерге әдістемелік басшылық ету
Мән-мәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Мәдени демалыс қызметін ұйымдастырудың теориялық негіздері: Бос уақыт адамның өмір сүру формасы ретінде. ҚР "Мәдениет туралы" Заңы. Мәдени демалыс мәні мен мақсаты. Бос уақыт құрылымы. Мәдени демалыс аксиологиясы, Мәдениет құрылымы. Материалдық және рухани мәдениет. Демалыс социологиясы. Әлеуметтік зерттеу әдістері туралы түсінік. Әлеуметтік сауалнаманың негізгі түрлері. Әлеуметтік-мәдени мекемелердегі тәрбиенің негізгі бағыттары мен міндеттері.

Әлеуметтік-мәдени іс-шаралар технологиясы: Әлеуметтік-мәдени қызметтегі формалардың, әдістер мен құралдардың жалпы сипаттамасы. Формалардың, құралдардың және әдістердің классификациясы. Сайыс-мәдени демалыстың танымдық-ойын-сауық түрі ретінде. Байқаулардың түрлері және олардың сипаттамасы. Байқау бағдарламасын дайындау ерекшеліктері. Презентация – әлеуметтік-мәдени мекемелер қызметінің заманауи моделі. Презентацияны дайындау әдістемесі және құрылымдық элементтері. Шоу-көрініс. Шоу-бағдарлама режиссурасының түрлері мен ерекшеліктері. Қазіргі заманғы бос уақыт түрлері: квест, тимбилдинг, антикафе, флешмоб, пейнтбол, т.б.

Әлеуметтік-мәдени мекемелердің өскелең ұрпақпен жұмысы: Өскелең ұрпақтың бос уақыты және оны ұйымдастыру бойынша әлеуметтік-мәдени мекемелердің міндеттері. Қазіргі мектеп оқушыларының ерекшеліктері және оларды әлеуметтік-мәдени мекемелердің қызметінде есепке алу. Балаларға арналған мерекелер аниматорының кәсіби шеберлігінің ерекшелігі.

Халықтық көркем өнер шығармашылығы: Көркемөнерпаздық халықтық шығармашылықтың нысаны ретінде. Көркем өнерпаздар шығармашылығының жанрлары. Көркемөнер шығармашылығын ұйымдастыру түрлері. Үйірмелер мен студиялардың қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері. Көркемөнерпаздар ұжымдарын қалыптастыру және қызметінің ерекшеліктері. Ұжым репертуары - оқу - тәрбие және шығармашылық жұмыстың негізі ретінде. Көркемөнерпаздар ұжымы жетекшісі - шығармашылық ұжымның қызметін ұйымдастырушы.

Әлеуметтік-мәдени мекемелерге жетекшілік ету және басқару: Мәдени-әлеуметтік саладағы менеджмент және маркетинг негіздері. Басшы тұлғасының құрылымы. Басқару стильдері. Жоспар және оның клубтық типтегі әлеуметтік-мәдени мекемелерге басшылық етудегі орны. Клубтық типтегі әлеуметтік-мәдени мекемелердегі есепке алу мен есеп беру. Маркетинг - әлеуметтік-мәдени мекемелердің экономикалық жағдайының негізі. Әлеуметтік-мәдени мекемелерге әдістемелік басшылық жасау. Клуб қызметкерлерінің біліктілігін арттыру түрлері. Мәдениет саласындағы қызмет көрсету нарығын зерттеу ерекшеліктері.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1,5-2 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.


Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Асанова И. М., Дерябина С. О., Игнатъева В. В. Организация культурно-досуговой деятельности. – М.: Академия, 2014.
2. Бисембаев К.Ж., Нагорная Л.П., Панихин А.Л., Аяпбергенова Р.Ш. Мәдени-тынығу шараларды ұйымдастыру. – Нур-Султан қ., 2019
3. Идрисова К.Г., Бронников Д.В., Байдракова Д. М., Шайкенова Н. Е. Мәдени-тынығу бағдарламаларының сценарийлік негіздері. – Нур-Султан қ., 2019.
4. Пряда Т.Г., Крылова Ю.В., Жантурина А.К., Аяпбергенова Р.Ш. Әлеуметтік- мәдени мекемелері ұйымдастыру және басқару. – Нур-Султан қ., 2019.
5. В.Е.Новаторов. Культурно-досуговая деятельность Словар-справочник. Омск, 1992.
6. Сапарова Ю.А, Ормолдаева М.А.Шоу бағдарламаларды ұйымдастыру-Шымкент, 2015.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті


_____ (қолы) _____ (Т.А.Ә)
« ____ » _____ 2023ж.







